

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 28-тамызы күні ағылшын тілі әдістемелік пәні бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар – 22

Қатыспағандар - жоқ

Қаралды:

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебі;
2. Әдістемелік нұсқау хатты талқылау.
3. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту; пед жүктемені бөлу;
4. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстыру;
5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру;
6. Жас маманға тәлімгер тағайындау.
7. 2022-2023 оқу жылындағы ҰБТ қорытындысын талқылау;
8. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.

ӘБ жетекшісі М.А.Кожайсакова

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі М.А.Кожайсакова сөз алып, бірлестік мүшелерін жаңа оқу жылымен құттықтап 2022-2023 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытындысын баяндады. 2022-2023 оқу жылында ағылшын тілі пәні бірлестігінде «Сындарлы оқытуды сабақта пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру» деген тақырыпта жұмыс атқарды. Әдістемелік бірлестіктің аталған тақырыптағы жоспарланған жұмысы, әрбір сабақты тиімді өткізіп, оқушыларға сапалы білім беруді мақсат еткен.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша төрт апталық курсты бірлестікте барлық мұғалім оқып келген. Пән мұғалімдері өткен оқу жылындағы жұмыстарына толықтай есеп берді. Өздеріне бекітілген жүктемені уақытымен орындағандарын атап көрсетті. Қазіргі таңда бірлестікте 21 пән мұғалімдері жұмыс атқаруда. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде ағылшын тілі пәні бойынша педагог-зерттеуші – 5, педагог-сарапшы – 3, педагог-модератор -9.

Бірлестік мүшелерінің қатысуымен өтетін отырыс саны-5. Отырыс жоспарлары мен жылдық жоспар жасалынып бекітілген. Оқу жылының басында әдістемелік отырыстың мәжілісі болып, мұғалімдердің сағат жүктемелері анықталынды. Оларға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасаланып, талқыланып бекітілді.

2. Келесі мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Кожайсакова Маржан Алижановна сөз алып, тамыз конференциясында айтылған мәселелерге тоқталды. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат.

Жалпыға міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

Оқу жылының ұзақтығы 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен оқу жүктемесі 1 сағатқа артады.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (оның ішінде төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін қамтиды, оның ішінде:

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:

- «Шетел тілі» пәні 3-сыныптан бастап оқытылатын болады.

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша:

- «Шетел тілі» пәні бойынша қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттағы қазақ, орыс тілдерінде оқытылатын 10-11-сыныптарда (төмендетілген оқу жүктемесімен) апталық оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді.

3. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту; пед. жүктемені бөлу;

2023-2024 жылдың тамыздағы педагогикалық кеңестің шешімін ескере отырып, биылғы

2023-2024 оқу жылындағы «Ұзақ мерзімді», «Қысқа мерзімді» жоспарларының қалай жасалуын талқылап, бір шешімге келіп, бекітті, яғни электронды жүйеге ауыстырылды. Сонымен бірге үйде оқытылатын оқушыларға арналған сабақтардың жоспарлары да қаралып бекітілді. Ағымдағы оқу жылында өтетін қалалық, облыстық көлемдегі байқауларға оқушыларды дайындау әрбір пән мұғалімдерінің күн тәртібіндегі ең бірінші мәселесі болуы керектігі айтылды.

Келесі мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөз алып, мұғалімдердің сабақ жүктемесімен таныстырылды. Оларға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасаланып, талқыланып бекітілді.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Сағат саны	Ауысымы
1	Абеданова Г. С.	4е 5а 6а 6б 6в 6г 6и 6к	II ауысым
2	Әбдіханова К. Ғ	3ә 3б 3в 3г 3е 3з 3и 4г 4ғ	II ауысым
3	Әлімхан Л. Т	3к 3ғ 3д 7д 8ә 9а 9ә 9г	I ауысым
4	Думчебаева Ұ	3а 3ж 3ғ 3қ 3д 3л 4ә 4и 4д	I ауысым
5	Жұмжаева Л	3ә 3б 3в 3г 3е 3з 3и 4г 4ғ 5ә	II ауысым
6	Ергешова Д. Т.	7б 8ғ 8д 8ж 8з 9в 9ғ 9е	I ауысым
7	Жаппарбекова С. Д.	8е 8и 10а 10ә 10б 10ғ 11а 11ә	I ауысым
8	Кожайсакова М. А.	8а 8и 10а 10ә 10б 10в 10ғ 11а 11ә	I ауысым
9	Қантай Ш. Т.	6ә 6ғ 6д 6е 6з 6ж 7в 7г	II ауысым
10	Лесбаева Л. А.	4з 4и 7д 9а 9ә 9б 9ж 10г 11г	I ауысым
11	Момбек Р. Ж.	5а 6ә 6б 6в 6г 6и 6к	II ауысым
12	Нуржигитова У. З.	4а 4б 8б 8ә 8в 10в 10г 11б 11в	I ауысым
13	Нұрақ А. С.	4ж 5ж 5з 7ғ 7е 7ж 7з 7и	II ауысым
14	Нұрбекқызы Ұ.	8а 8г 8з 9в 9ғ 9д 9е	I ауысым
15	Сейдуалиева Ф. А.	4ж 5ә 5б 5в 5г 5е 5и	II ауысым
16	Сейтомарова З. Р.	4е 6а 6ж 7а 7ә 7б 7в 7г	II ауысым
17	Темирбекова А. С.	5д 5ж 5з 7ғ 7е 7ж 7з 7и	II ауысым
18	Тұрымбетова А. Н.	5д 6ғ 6д 6е 6з 7а 7ә	II ауысым
19	Шотаева Р. Ә.	3а 3ж 3к 3қ 4а 4ә 4б 4в	I ауысым
20	Шыңдалы Ж. Н	4в 4д 9б 9г 9д 9ж 11б 11в 11г	I ауысым
21	Қорабекова П. А.	3л 4з 8б 8в 8г 8ғ 8д 8ж	II ауысым
22	Балташ А	5б 5в 5г 5ғ 5е 5и	II ауысым

4. Оқу жылы ағымындағы пән апталығының өткізу кестесімен таныстыру

Ағымдағы оқу жылының екінші тоқсанда 05.02.2024 ж. – 16.02.2024 ж күндері аралығында ағылшын тілі пәнінің онкүндігі өтетіндігі айтылып, таныстырылды.

5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру

Күн тәртібінде келесі 5-мәселе бойынша педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру. Шымкент қаласының білім басқармасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығындағы 2 тарау 2 параграфтегі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары» аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге таныстыру жұмысы жүргізілді.

Кезекті педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі әлі нақты белгілі емес. Әзірге қызметкерлерді аттестаттау тоқтатылды. Ерікті аттестаттауға баратын мұғалімдер Нуржигитова Улжан Закирбековна педагог-зерттеуші, Ергешова Динара педагог-зерттеуші, Жаппарбекова Сандуғаш өзінде бар санатын қайта көтеруге өтініш білдірді.

7. 2022-2023 оқу жылындағы ҰБТ қорытындысын талқылау

2022-2023 оқу жылында ЖОО-на түскісі келетін 11(12) сынып бітірушілері мемлекеттік қорытынды аттестаттауда ҰБТ нысанында 2022-2023 оқу жылында жалпы 11-сыныптар 5 сынып ҰБТ бойынша 11-сыныптарға жауапты ағылшын тілі пәні мұғалімдері Лесбаева Луиза, Шыңдалы Жанар, Жаппарбекова Сандуғаш, Кожайсакова Маржан, Нуржигитова Улжан.. тағайындалған. Ағылшын тілінен тақырыптық тесттер жинақталынды. Пән бойынша бақылау тест жұмыстары алынып, нәтижелеріне сараптама жүргізіліп, талдау жасалынды. Ағылшын тілі пәнінен орта балы - 26,8 құрады. 2023-2024 оқу жылында жоғары көрсеткішке қол жеткізу үшін аянбай еңбек ету керектігі айтылды.

8. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.

2023-2024 оқу жылында ағылшын тілі пәні бірлестігінен пән мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны бойынша курсқа сұраныс берді.

Сөз соңында ӘБ жетекшісі ағылшын тілі оқу бөлмелерін жаңа оқу жылына даярлау, кабинет жоспарын түзу, дидактикалық материалдар санын көбейту, оны сабақтарында тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғады.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе, мәжіліс мынадай шешім етеді.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын;
2. 2023-2024 Әдістемелік нұсқау хаты талқыланып орындалсын, оқу жылының міндеттерімен бірлестік мүшелері толық таныстырылып, міндеттер орындалуына мақсат көзделсін;
3. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары талданып, пед жүктемесі бөлініп , әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін;
4. Мұғалімдердің жылдық жүктемесіне қарай бағдарламалар талқыланып, жасалынған күнтізбелік жоспар қаралып, бекітуге жіберілсін;
5. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстырып дайындық жүргізілсін;
6. 2022-2023 оқу жылындағы ҰБТ қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
7. Аттестациялаудан өтетін мұғалімнің құжаттары толықтырылсын;
8. Қалалық, облыстық көлемдегі өткізілетін әр түрлі байқауларға оқушыны дайындап, қатыстырылсын;
9. Мұғалімдер сабақтарында оқытудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, тиімді және әртүрлі қызмет түрлерін (телеуроктар, интернет-платформалар арқылы сабақтар, өзіндік жұмыс, чат-сабақтар және т.б.), қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып білім беру жолға қойылсын.

Жиналыс төрағасы *Кож* М.А.Кожайсакова
Жиналыс хатшысы *Нур* А.С.Нурак

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар - 21

Қатыспағандар-жоқ

Қаралды:

1. I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, бақылау жұмыстарының сараптамасының қорытындысы;
2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі ағылшын тілі пәнінен «Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру»;
3. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау;
4. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың тізімін нақтылау, жоспарын бекіту;
5. ҰБТ, ББЖМ-ға дайындық барысының қорытындысы;
6. Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама;
7. Ағымдағы мәселелер.

ӘБ жетекшісі М.А.Кожайсакова

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі М.А.Кожайсакова сөз алып, I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, бақылау жұмыстарының сараптамасының қорытындысына тоқталып өтті. 2023-2024 оқу жылының I тоқсанында ағылшын тілі пәні бойынша білім сапасының және жиынтық бағалау қорытындысы көрсеткіштері қоса тігілді.

2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі ағылшын тілі пәнінен «Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру»

Күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық іс-шаралары жоспарланып, бекітілгендігін, оқушылардың тест тапсыру ережелерімен таныстырылғандығын, ББЖМ, ҰБТ-ға байланысты ата-аналар жиналысының өткізілгендігін айтып өтті. 9-11 сыныптарға ағылшын тілі пәнінен тақырыптық тесттер дайындалып, апталық байқау сынақтарының өткізіліп отырғандығы жайлы және байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалып отыратындығы айтылды.

3. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау.

Келесі мәселе бойынша ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау жайында ӘБ жетекшісі сөз қозғады. Әр пән мұғалімі өзінің жетекшілік ететін оқушыларымен үзбей жұмыс істеп келе жатқандықтарын тілге тиек етті. Болашақта оқушылар сол шығармаларын өз деңгейінде қорғап шыға алатындай жұмыс жүргізу керектігін ескертіп өтті. 2022-2023 оқу жылында 8-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының мектепшілік кезеңі өткізіліп, нәтижесінде 11 «А» сынып оқушысы Тұрдалы Гүлсезім III орынға иеленді.

4. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың тізімін нақтылау, жоспарын бекіту.

Келесі кезекте оқушылардың үлгерім сапасына тоқтала келе, олардың білімді қабылдау мүмкіндігі әр түрлілігіне байланысты үлгерімі жоғары және үлгерімі төмен оқушыларға жасаған жұмыс жоспарлары талқыланды. Бізге мәлім әр сыныптағы балалардың жас шамасы қатар болса да түсінуі, құбылысты қабылдау қабілеттері әртүрлі. Соның нәтижесінде әр сыныпта аз да болса сабаққа ынтасы төмен, үлгірмейтін оқушылар кездеседі.

Мұндай оқушыларды толық үлгерімге жеткізу - мұғалімнің қиын да абыройлы міндеті. Сол мақсатта жұмыс жүргізген пән мұғалімдері арнайы жоспарын жасап, бекітті.

5. ҰБТ, ББЖМ-ға дайындық барысының қорытындысы.

Күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық іс-шаралары жоспарланып, бекітілгендігін, оқушылардың тест тапсыру ережелерімен таныстырылғандығын,

ББЖМ, ҰБТ-ға байланысты ата-аналар жиналысының өткізілгендігі айтылды. 9-11 сыныптарға пәндерінен тақырыптық тесттер дайындалып, апталық байқау сынақтарының өткізіліп отырғандығы жайлы және байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалып отыратындығы айтылды. ББЖМ бойынша 9-сыныптарға жауапты ағылшын тілі пәні мұғалімдері Ергешова Д, Әлімхан Л, Нұрбекқызы Ұ. тағайындалған және ҰБТ бойынша 11-сыныптарға жауапты ағылшын тілі пәні мұғалімдері Кожайсакова М., Жаппарбекова С. Шыңдалы Ж, Лесбаева Л, Нуржигитова У. тағайындалған. Пән мұғалімдері ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жоспар бойынша қосымша сабақтар өтіп жатыр.

6. Келесі мәселе бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі Момбек Раушан шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама оқыды.

Ол өз баяндамасында ағылшын тілі пәнінің қазіргі заман талабына сай оқушылардың жете меңгеруіндегі маңыздылығы жайлы айтылды.

7. Әр түрлі мәселелерге ағылшын тілі пәні мұғалімі Керинбаева Алина бала күтіміне байланысты ақысыз демалысқа кеткендігі туралы айтылды. Бірлестікте 21 ағылшын тілі пәні мұғалімдері жұмыс атқарады.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, бақылау жұмыстарының мониторингісінің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі ағылшын тілі пәнінен «Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру» бойынша оқушылар деңгейіне қарай сабақтар жүргізілсін;
3. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту, оқушылар тізімін нақтылау;
4. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарын пән мұғалімдері жандандырсын;
5. ҰБТ, ББЖМ-ға дайындық барысы байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалынып жұмыстар жүргізілсін;
6. Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жиналыс төрағасы *Конт* М.А.Кожайсакова
Жиналыс хатшысы *Нур* А.С.Нурақ

№136 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі 2024 жылдың
5- қаңтар күні ағылшын тілі әдістемелік пәні бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен
отырысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар – 21
Қатыспағандар-жok

Қаралды:

1. I жартыжылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру;
2. II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі;
3. Оқушылар олимпиадасының қорытындысы;
4. Мұғалімдер олимпиадасының өтілу барысы;
5. ҰБТ-ға және ББЖМ-ға дайындықтың барысы;
6. Ағымдағы мәселелер;

ӘБ жетекшісі Кожайсакова М.А.

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Кожайсакова Маржан сөз алып, I жарты жылдықтың аяқталуы әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің I жартыжылдық қорытындысы бойынша есебіне тоқталып өтті. 2023-2024 оқу жылында әдістемелік бірлестік «Сындарлы оқытуды сабақта пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру» деген тақырыпта жұмыс атқаруда. Мақсаты: «Әрбір сабақты тиімді өткізіп, оқушыларға сапалы білім беру».

Бірлестікте I жартыжылдықта жалпы 21 мұғалім жұмыс атқарды. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде ағылшын тілі пәні мұғалімдері «Педагог- зерттеуші» біліктілік санатында – Кожайсакова Маржан, Жаппаербекова Сандуғаш, Лесбаева Луиза, Шыңдалы Жанар.. «Педагог-сарапшы» біліктілік санатында – Нуржигитова Улжан, Темирбекова Айнур,Ергешова Динара Педагог-модератор – Момбек Раушан,Абеданова Гулшат, Тұрымбетова Альфия, Бекмуратова Гулнур,Нұрбекқызы Ұлбосын,Әлімхан Лаура,Қорабекова Париза . Пән мұғалімдерімен өзара сабаққа ену, ашық сабақтарға қатысу, интернет жүйесімен жұмыс жасау жүргізілуде.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша, ӘБ жетекшісі II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі жайлы сөз қозғады. 2023-2024 оқу жылының II тоқсанында оқушылардан алынған бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) жұмыстары уақытында алынып Kundelik.kz сайтына қойылып отырды. Ағылшын тілі пәні бойынша II тоқсан үлгерім қорытындысы Kundelik.kz сайтынан алынып отырады.

3. Келесі мәселе бойынша мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы жайлы сөз қозғалды. 2023 жылдың қараша айында 5-6 сынып оқушылары арасында мектебімізде пән олимпиадасы өткізілді деп, өз сөзін бастады ӘБ жетекшісі Кожайсакова Маржан.

Ағылшын тілі пәні бойынша білімдерін тексеру, тереңдету, логикалық ойлауын қалыптастыру ғылымға деген қызығушылығын арттыру, теориялық білімді іс жүзінде қолдану мақсатында 5-6 сыныптардан оқушылар қатыстырылып, мектепшілік пән олимпиадасы өткізілді.

Шымкент қаласы білім басқармасының «Дарын орталығы» 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына және 2012 жылғы 13 наурыздағы №99 бұйрығымен бекітілген 7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық жасөспірімдер олимпиадасының 1-ші (мектепшілік) кезеңі онлайн (online) форматта ағымдағы жылғы 5-желтоқсан күні <https://shymkentdaryny.oes.kz/> прокторинг платформасы арқылы өтіп, нәтижесі күтілуде.

Шымкент қаласы білім басқармасының Дарын орталығы жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың 1-ші (мектепшілік) кезеңі онлайн (online) форматта www.daryn-shymkent.kz ресми сайты арқылы өтті.

Келесі кезекте ӘБжетекшісі ағылшын тілі пәні бойынша мектепшілік олимпиададан жоғары көрсеткіш көрсетіп, олимпиадаға қатысқан оқушылардың тест нәтижелеріне тоқталды. Қатысқан оқушылар саны-3. Олимпиада қорытындысы мынадай болды:

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жетекші мұғалімдер
1	Тұрдалы Гулсезім	10а	Кожайсакова М
2	Бегісқұлова Ұлдана	10 ә	Жаппарбекова С.
3	Нурадиллақызы Анар	9 в	Шыңдалы Ж

9-11 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңінде жоғары балл алған оқушылар Республикалық олимпиаданың аудандық екінші кезеңіне ұсынылды.

4. Келесі кезеңде ӘБ жетекшісі Кожайсакова Маржан 2023 -2024 оқу жылының I жартыжылдығында мұғалімдер олимпиадасының болмағандығы жайлы айтып өтті.

5. Келесі мәселе бойынша 9, 11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындық дәрежесі жайлы айтылды. Биылғы 11 және 9 сынып оқушыларына пән бойынша ҰБТ, ББЖМ дайындық жоспары құрылып, әкімшілік тарапынан бекітілді. ҰБТ, ББЖМ тапсыру ережелерімен таныстырылды, дайындық барысында уәждемесі төмен оқушылар анықталды, оларға арналған жұмыс жоспары түзілді. Ағылшын тілінен тақырыптық тесттер жинақталынды. 9-11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындығы жайында айтылды. Бірлестіктің ББЖМ мен ҰБТ-ға арналған жоспары бекітілген. Соған байланысты уәждемесі төмен оқушыларға арналған жұмыс жоспары жасалынған, апталық тест жұмыстары алынып, оларға жасалған сараптамалары мен тестке талдаулар дер кезінде алынууда. ББЖМ-ға жауапты пән мұғалімдері – Ергешова Динара, Әлімхан Лаура, Нұрбекқызы Ұлбосын. ҰБТ-ға дайындық 11-сыныптарда жүргізілуде. Оның арнайы өткізу ережесі бекітілген. Ережені негізге алған білім беру ұйымы мектептің оқу үдерісіне сәйкес іс-шаралар жоспарын түзді. ҰБТ-ға дайындық ретінде байқау тестілеуін өткізіп, сараптама талдауын жасап, көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. ҰБТ-ға дайындық сабақтары ұйымдастырылады, оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып дайындауға мектептің психологиялық қызмет көрсету орталығы оз көмегін тигізді. ҰБТ нәтижесімен ата-аналарды хабардар етіп отырды.

6. Ағымдағы мәселелерге бойынша ӘБ жетекшісі бірлестікте болып жатқан өзгерістер жайлы айтып өтті. Бірлестік мұғалімдеріне психологиялық кеңестер берілді. Сөз соңында ӘБ жетекшісі ағылшын тілі пәні оқу бөлмелерінің II жартыжылдыққа дайын екендігін, дидактикалық материалдар мен электронды оқулықтар санын көбейту, оны сабақтарында тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғады.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. I жарты жылдық қорытындысы бойынша әдістемелік бірлестік жұмыстарының есебі мен пән мұғалімдердің есебі қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Ағылшын тілі пәні бойынша II тоқсандағы оқу процесінің үлгерім қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
3. 9, 11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындық барысы жандандырылсын;
4. Пән мұғалімдерінің оқушылармен олимпиадаларға дайындық жұмыстар жүргізілсін;
5. Пән апталығының өткізілуі қанағаттанарлық деп табылсын;

Жиналыс төрағасы *Конт* Кожайсакова М.А.
Жиналыс хатшысы *АФ* Нурақ А.С.

«№136 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың наурыз айының 26 күні ағылшын тілі әдістемелік пәні бірлестік мүшелерінің қатысуымен болып

өткен отырысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар – 21

Қатыспағандар-жоқ

Күн тәртібінде:

Қаралды:

1. III тоқсан қорытындысы;
2. 9,11-сыныптарда ББЖМ-ға, ҰБТ-ға дайындық жұмысының барысы;
3. Оқушылар арасында өтетін ғылыми-практикалық конференцияға дайындық;
4. Пән апталығының өтілу барысы;
5. 2023-2024 оқу жылындағы аттестациядан өтетін мұғалімдер мәселесі;
6. 9-11 сыныптарда негізгі пәндерден алынған қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысының қорытындысы;

7. Әр түрлі мәселелер;

ӘБ жетекшісі М.А.Кожайсакова

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ағылшын тілі және өзбек тілі әдістемелік бірлестік жетекшісі Кожайсакова Маржан Алижановна сөз алып, мұғалімдерді III тоқсанды аяқтағандарымен және өткен наурыз мейрамымен құттықтап өтті. Сонымен бірге, IV отырысты ашық деп жариялап, күн тәртібімен таныстырып өтті. Бірінші мәселе бойынша оқушылардың ағылшын тілі және өзбек тілі мен әдебиеті пәндері бойынша III тоқсандағы ТЖБ және үлгерім қорытындысының сараптамасы туралы ӘБ жетекшісі сөз алып, ондағы көрсеткіштерге тоқталып кетті. 2023-2024 оқу жылының III тоқсанында оқушылардан алынған бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) жұмыстары уақытында алынып Kundelik.kz сайтына қойылып отырды. ТЖБ нәтижелері III тоқсан бойынша ағылшын тілі пәні бойынша білім сапасы 3-4 сыныптар бойынша –69 % құрайды, 5-9 сыныптар бойынша білім сапасы - 60,5% , 10 -11 сыныптар бойынша білім сапасы -71% , жалпы 3-11-сынып - 66,8 % құрап отыр. ТЖБ алу барысында қиындық тудырған тапсырмалармен келесі сабақта түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша 9,11-сынып оқушыларымен ҰБТ мен ББЖМ -ға дайындық жұмыстары жүргізіліп отырды. Әр пән мұғалімдері 9,11-сынып оқушыларынан апта сайын тест алып, қосымша жұмыстар жүргізіліп отыр. Оқушылардың білім дәрежесі сараптамалық көрсеткіштен көрініп отыр. Кесте бойынша дайындық сабақтары өз уақытында жүргізіліп, ата –аналарына апталық тест нәтижелері таныстырылып отырады. ҰБТ бойынша 11 А.Ә.Б сыныптарында жұмыс жүргізілуде, айтылым, жазылым, тыңдалым дағдылары бойынша жұмыс жүргізілуде. ҰБТ-ны оқу жылының соңына дейін дайындық жұмыстары күшейтілгенін айтып өтті.

3. Келесі мәселе бойынша ӘБ жетекшісі мектепшілік оқушылар арасында өткен ғылыми-практикалық конференцияға қорытындысы жайында сөз қозғады. «Зерде» республикалық 9-11 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстардың конкурсына Болат Айдана 10 «А» сынып оқушысы жіберіліп, нәтижесінде өтпеді.

4. Пән апталығының өтілу барысы. Келесі мәселеде пән апталығы жайында сөз болды. Мектебімізде ағылшын тілі әдістемелік пәні бірлестігінің «Welcome to the world of English» атты тақырыбында 05.02.2024 – 16.02.2024 ж. күндері аралығында онкүндігі болып өтті. Мақсаты: Оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыру, іздену қабілетін арттыру, өзінің және өзге елдің мәдениетін танып білуге үйрету және Отанын сүюге тәрбиелеу. Аптаның 1-ші күні онкүндіктің жоспары бекітіліп, оқушыларға арналған апталықтың ашылуын ағылшын тілі пәні мұғалімдері бірлесе отырып өткізді. Онкүндіктің барысында ағылшын тілі пәнінің барлық мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар жүргізді.

Аптаның 10-ші күні ағылшын тілі пәні бірлестік мүшелері 3-11 сынып оқушылары қатысуымен «Knowledge - is power» «Күш білімде» атты қорытындылауға арналған апталықтың жабылуын өткізді. Және басшылықтан өз бағасын алды


4. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылындағы аттестациядан өтетін мұғалімдерді таныстыру жайлы әңгіме қозғалды. Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру керектігін айтты. Сол мақсатта 2023-2024 оқу жылында педагог қызметкерлерге арналған жаңа форматтағы Ұлттық біліктілік тестке мерзімі келген мұғалімдер Нуржигитова Улжан Закирбековна педагог-зерттеуші, Ергешова Динара педагог-зерттеуші, Жаппарбекова Сандуғаш педагог-зерттеуші өзінде бар санатын қайта көтеруге өтініш білдіріп, іс-құжаттарын жинақтап өткізілді.

5. ӘБ жетекшісі Кожайсакова Маржан 9-11 сыныптарда негізгі пәндерден алынған қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысының қорытындысы; туралы Биылғы 2023-2024 оқу жылында 9, 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестацияға дайындығы бойынша ағылшын тілі пәнінен жазбаша тест жұмыстары алынып, алынған жұмыстардың нәтижесі мен қорытындысын айтып өтті.

6. Келесі әр түрлі мәселелер бойынша ӘБ жетекшісі сөз алып, 2023 жылдың желтоқсан айының 25 күнгі N507 бұйрығына сүйене отырып, Шымкент қаласының Дарын орталығы ұйымдастырған 7-8 сынып оқушыларына арналған онлайн (online) олимпиадасы 2023 жылдың желтоқсан айының 28 күні өткізілді. Нәтижесінде ағылшын тілі пәні бойынша орын алған оқушар мен пән мұғалімдерінің жетістіктері айтылып өтілді.

Шешімі:

1. III тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. 9,11-сыныптарда ББЖМ-ға, ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жандандырылсын;
3. Мектепшілік оқушылар арасында ғылыми-практикалық жұмыстары жандандырылсын;
4. Пән апталығының өткізілуі қанағаттанарлық деп табылсын
5. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тестке дайындық жұмыстары күшейтілсін.;
6. 9-11 сыныптарда негізгі пәндерден алынған қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысы жандарылысын;

Жиналыс төрағасы  Кожайсакова М.А.
Жиналыс хатшысы  Нурақ А.С..

№136 жалпы орта мектебінің 2024 жылдың 31 мамыр күні ағылшын тілі әдістемелік бірлестік мүшелерінің қатысуымен болып өткен отырысының
№ 5 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар -21
Қатыспағандар -0

Күн тәртібінде

Қаралды:

1. II жарты жылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру;
2. IV тоқсан және жылдық бойынша үлгерім қорытындысы, бақылау жұмыстарының сараптамасы;
3. ҰБТ-ға дайындық жұмысының барысы, қорытындысы;
4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын (пәндік) ұйымдастыру және қатысу деңгейін талқылау;
5. Оқушылар арасында өткізілген ғылыми жоба қорытындысы;
6. 9,11- сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау емтиханы туралы;
7. 2024-2025 оқу жылының болжамды сағат жүктемесін талқылау.

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі М.Кожайсакова алып, бірлестік мүшелерін II жарты жылдықтың аяқталуымен құттықтап, әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің II жарты жылдық бойынша есебіне тоқталды.
2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша жылдық, IV тоқсандағы үлгерім мен бақылау қорытындысының бойынша сөз алды. Ағылшын тілі пәні бойынша IV тоқсан үлгерім қорытындысы

Р/с	мектеп	сыныптар	IV тоқсан қорытындысы							
			Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	орта балл	үлгерім сапасы	білім сапасы
1	№136	Жалпы -3	114	37	51	26	-	4	100	77
2		Жалпы- 4	115	29	48	38	-	3,8	100	67
		2-4	229	66	99	64	-	3,9	100	72
4		Жалпы-5	140	38	58	44	-	3,9	100	68,5
5		Жалпы-6	131	14	68	49	-	3,5	100	62,5
6		Жалпы-7	82	10	43	29	-	3,7	100	64,6
7		Жалпы-8	102	18	51	33	-	3,8	100	67,6
8		Жалпы-9	98	17	49	32	-	3,8	100	67,3
		5-9	553	97	269	187	-	3,7	100	66
9		Жалпы-10	69	16	30	23	-	3,7	100	66,6
10		Жалпы-11	48	5	28	15	-	3,9	100	68,7
		10-11	117	21	58	38	-	3,8	100	67,5
Жалпы			899	184	426	289	-	3,7	100	67

3. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ҰБТ-ға дайындық туралы болды. Биылғы 2023-2024 оқу жылында жалпы 11-сыныптар бойынша – 63 оқушы оқиды. Пән мұғалімдері ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жоспар бойынша қосымша сабақтар өтіп жатыр. Оның арнайы өткізу ережесі бекітілген. Ережені негізге алған білім беру ұйымы мектептің оқу үдерісіне соған сәйкес іс-шаралар жоспарын түзді. ҰБТ-ға дайындық ретінде байқау тестілеуін өткізіп, сараптама талдауын жасап, көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілуде. ҰБТ-ға дайындық сабақтары ұйымдастырылады, оқушылардың физиологиялық, психологиялық

Мектептің психологиялық қызмет көрсету орталығы өз көмегін тигізуде. ҰБТ нәтижесімен ата-аналарды хабардар етіп отырады.

4. Келесі мәселе бойынша жаңартылған білім бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және қатысу деңгейі талқыланды. Жаңартылған білім бойынша біліктілігін арттыру курстары биылғы 2023-2024 оқу жылында барлық пән мұғалімдері біліктілік арттыру курсынан өткен.

5. Келесі мәселе бойынша оқушылар арасында өткізілген ғылыми жоба қорытындысы жайында ӘБ жетекшісі сөз алды. 2023-2024 оқу жылының 17 мамыр күнімен бекітілген мектепшілік 7-11 сынып оқушылар арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының мектепшілік кезеңі өткізілді.

6. Келесі мәселе бойынша 9,11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауы туралы айтылды. Мектепте 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға байланысты дайындық кестесі құрылды. Дайындық кестесі құрылып, уақыты мен жауапты пән мұғалімдері бекітілді. Қорытынды аттестаттауды өткізетін кестесі белгіленді. 9-сыныптар үшін тандау пәндері шетел тілі пәні бойынша емтихан жазбаша тапсырылады.

7. Келесі мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының болжамды сағат жүктемесі бірлестік мүшелерінің түгел қатысуымен өткізілді. Ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне болжамды сағат жүктемелері 16 сағаттан кем емес сағат жүктемесі берілді.

Сөз соңында ӘБ жетекшісі ағылшын тілі оқу бөлмесінің жаңа оқу жылына дайындау керектігі, дидактикалық материалдар мен электронды оқулықтар санын көбейту, оны сабақтарында тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғады.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Жылдық, IV тоқсан бойынша ағылшын тілі пәнінен үлгерім қорытындысы, бақылау жұмыстарының сараптамасы қанағаттанарлық деп табылсын;
3. 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жандандырылсын;
4. Жаңартылған білім бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарына қатысу деңгейін «қанағаттанарлық» деп табылсын;
5. Оқушылар арасында өткізілген ғылыми жоба қорытындысы жақсы деп табылып;
6. Болжамды сағат жүктемесіне сәйкес ҰМЖ, ҚМЖ дайындалсын.

Жиналыс төрайымы *Конт*

Кожайсакова М.А.

Жиналыс хатшысы *А.С.*

Нурақ А.С.